

Жаңа тарифтер белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 27 наурыздағы N 80. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.31. N 385 өкімімен

1. "Делойт и Туш" компаниясының тәуелсіз сараптамасына сәйкес "Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясының нақты шығындары мен 1996-1997 жылдың қысында тарифтерді өзгертуді кідіртуін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушылары үшін 1997 жылғы 1 сәуірден бастап кВт.с. үшін 3.50 теңге және Гкал үшін 1500 теңге мөлшерінде электр энергиясы мен жылуға арналған жаңа тарифтер белгілесін, ол Үкіметтің ағымдағы жылға арналған тарифтік саясатына сәйкес келеді.

Алматы қаласының әкімі өзінің құзыретіне сәйкес жылуға арналған жаңа тарифті бекітсін және "Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясының алдындағы жергілікті бюджеттің қарыздарын өтеу жөнінде шаралар қолдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі және жергілікті атқарушы органдары "Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясымен бірлесіп жөндеу жұмыстарының, тараптардағы шығындарды қысқарту және станцияларды дербес балансқа бөлу кестелерін әзірлеп, бекітсін.

Премьер-Министр